# ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА
## "Кәсіпкерлік бөлімі" ММ-нің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы

**Кеген ауылы** **2026 жылғы 27 ақпан**

## КІРІСПЕ БӨЛІМ

Кеген ауданының «Кәсіпкерлік бөлімі» ММ (бұдан әрі – Бөлім) басшысының **2026 жылғы 17 ақпандағы №4 н-қ** «Бөлімнің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2026 жылғы 17 ақпаннан 27 ақпанға дейінгі кезеңде бірлескен бұйрығы негізінде жыл ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Ішкі талдаумен бөлімнің 2025 жылғы 12 айдағы жұмысы қамтылды.

Президенттің 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 Жарлығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қағидаларына сәйкес мынадай бағыттар бойынша ішкі талдау жүргізілді:

## БӨЛІМНІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ

**1.Бөлім өз қызметінде басшылыққа алады:**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді, бөлімдер өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

- Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процесті кодексі;
- Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңы;
- «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Заны;
- Қазақстан Республикасындағы «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңы;

## БӨЛІМНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ-БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ.

**2.Персоналды басқару желісі бойынша, оның ішінде кадрлардың ауысуы бойынша**

Кеген ауданының "Кәсіпкерлік бөлімі"-нің штат санын Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен аудан әкімі бекітеді.

1. (бір)бөлім басшысы.

1. (бір) бас маман.

Штаттық кестеге сәйкес 2025 жылдың бірінші тоқсанында бөлім басшысы жаңадан жұмысқа қабылдынды және үшінші тоқсан кезеңдерінде бөлімге жаңадан бас маман жұмысқа қабылдынды.

- Талдау барысында мыналар анықталды:
- Бөлімде жаза алған қызметкерлер жоқ.
- Бөлім қызметкерлеріне сыйлықақы мен үстемеақы төлеу кезінде ешқандай бұзушылық анықталған жоқ.

**3. Мүдделер қақтығысын реттеу.**

Бөлімде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

**4. Көзделмеген құжаттарды талап ету фактілерінің болуы-жоқ.**

**5. Мемлекеттік қызметтер көрсету.**

Бөлімде мемлекеттік қызмет көрсетілмейді.

**6."Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы".**

Мәселен, 2025 жылы бөлімде 12 айда жеке тұлғалардан барлығы 3 өтініш келіп түсті. Азаматтардың өтініштерін қабылдау және қарау кезінде ҚР заңнамасын бұзу анықталған жоқ.

**7. Бөлімнің ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер:**

1) "Кеген ауданының кәсіпкерлік бөлімі"ММ ережесіне сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық- түлік тауарларының бағасына мониторинг жүргізіледі. Шекті сауда үстемесінің 15% асып кеткені анықталған жағдайда талдау қорытындылары Алматы облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне жіберіледі. Осы талапты бұзу қолдану қаупін тудыруы мүмкін хабарлама, айыппұлдар және Қызметті тоқтата тұруға дейін. Анықталған бұзушылықтар туралы деректерді жасыруды немесе Талдау нәтижелерін бұрмалауды қоса алғанда, баға мониторингін жүргізетін маманның іс-әрекетімен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелі бар.

2) 2025 жылы аудан аумағында «ASK Capital» ЖШС-і, «The Secret Corp» ЖШС-і, «Gassoil M.A.» ЖШС-і, және «ASK GRUP KAZAKHSTAN» ЖШС-і барлығы жобалық құны 21 625,0 млн.тг болатын 4 инвестициялық жобалар Алматы облысының өңірлік үйлестіру кеңесінің шешімімен инвестициялық жоба ретінде танылып, жер учаскелері рәсімделді. Инвестициялық жобалардың жүзеге асрылуы, құжаттарды дайындау барысында маманның іс-әрекетімен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелі бар.

**8. Ұсыныстар**

- Мониторингтің автоматтандырылған жүйесін енгізу мүмкіндігі туралы жоғары тұрған органның бастамашылық хаты. Қазіргі уақытта баға мониторингін мамандар қолмен жүргізеді, бұл субъективтілікке және деректерді жасыруға

қауіп төндіреді. Автоматтандырылған жүйені енгізу: - ақпаратты жинау және талдау кезінде адам факторын алып тастау; - бұзушылықтарды анықтаудың жеделдігін арттыру; - нақты уақыт режимінде деректердің қол жетімділігін қамтамасыз ету; - баға саясатының сақталуын бақылауды күшейту.

- Қолданыстағы заңнама нормаларының сақталуын қамтамасыз ету.

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары шеңберінде семинарлар, дөңгелек үстелдер және жалпыға бірдей құқықтық оқыту өткізу практикасын жалғастыру;

- Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету.

## ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

**9. Жоғарыда айтылғандардың негізінде Кеген ауданының "Кәсіпкерлік бөлімінің" басшысына:**

1)Ағымдағы жылдың қорытындысы бойынша бөлім қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

2) "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы"Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын қатаң сақтауға міндетті.,

3) Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу және оны болғызбау мақсатында, жаңадан енгізілген заң бойынша техникалық түсіндірме сабақтар өткізу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың салдары туралы бейне қараулар көрсету арқылы дәрістер өткізу.

4) Қызметкерлердің мемлекеттік қызметшінің Әдеп кодексі нормаларын сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ өткізілген іс-шаралар туралы хаттама мен фотоесепті ұсына отырып, тәртіптік жазалар туралы семинар ұйымдастыруға міндетті.

5) Баға саясатының сақталуын бақылауды күшейту.

**Топ мүшелері**

**Бас маман** **А. Қожағұл**

**Алматы облысы кәсіпкерлер палатасы Кеген аудандық филиалының директоры** **Б. Ауыпбаев**

**Таныстым:**

**Бөлім басшысы** **А. Оспанов**